

Дайындық кезеңіндегі логопедиялық сабақ жоспары

Кезең: Дайындық кезеңі

Мақсаты: Жеке дыбысты дұрыс айтуын үйрету.

Міндеттері:

Білімділік: «Т - Д» дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде ажыратуға дағдыландыру.

Түзетушілік: Қолдың ұсақ маторикасын, дұрыс ауа ағынын қалыптастыру, фонематикалық есту қабілетін дамыту;

Тәрбиелік: Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа зейін қойып тыңдауға, белсенді болуға тәрбиелеу.

Құрал – жабдықтар: Заттық суреттер, карточкалар.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Дыбыстарды анықтап,

Ойымызды жинақтап

Ережені ескеріп,

Күлімдеген күндейміз

Ренжуді білмейміз.

Логопед: жарайсыңдар! Олай болса, бүгінгі сабақта дыбыстарды анық, сұрақтарға толық, терең тыныс алып, ойымызды жинақтап айтамыз.

II. Мақсатын баяндау:

III. Артикуляциялық гимнастика:

Артикуляциялық жаттығуларды орындағанда:

1. Балада дұрыс сөйлеу дағыдысы қалыптасу үшін артикуляциялық жаттығуларды күнде жасау керек.
2. Жаттығуларды күніне 3-4 рет 3-5 минуттан орындаған жөн.
3. Әр жаттығу 5-7 рет орындалуы тиіс.
4. Бір статистикалық жаттығуды 10-15 секунд ұстап тұру ұсынылады (қимыл-қозғалысты өзгертпей ұстап тұру).
5. Артикуляциялық жаттығуларды іріктеу кезінде қарапайым жаттығудан күрделі жаттығуларға өту керек. Балаңыз белігі-бір жаттығуды дұрыс жасай алмай тұрып, одан күрделі жаттығуға өтудің керегі жоқ. Жасай алмай жатқан жаттығуды орындату үшін жаңа ойындар ойлап табуыңыз абзал.
6. Артикуляциялық жаттығуды отырып орындаған абзал, себебі отырғанда баланың арқасы түзу, денесін, аяқ-қолдарын бос ұстайды.
7. **Бала үлкеннің және өзінің бетін айқын көруі тиіс, себебі жасап жатқан жаттығудың сапасын өзі бақылай алуы керек.** Сондықтан жаттығуларды жасап жатқанда үлкен және бала қабырғадағы айна алдында болуы керек. Сонымен қатар, баланың қолында кішкентай айна болуы мүмкін (9x12 см), бірақ ондай жағдайда үлкен балаға қарама-қарсы, бетпе-бет отыруы тиіс.

Артикуляциялық жаттығулар

«Күрекше» – жалпақ тілді шығарып астыңғы ерінге ұстап тұру керек.

«Инеше» -ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек.

«Тоқылдақ» – ауызды кең ашып тілдің ұшымен жоғарға альвеолоға немесе таңдайға жиі-жиі соғылғандай қимыл жасау керек.

«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады.



IV. Тыныс алу жаттығулары:

V. Фонетикалық естуін қалыптастыру:

№1 ойын: «Дыбысты дұрыс тап»

«Т» дыбысын естісең, жалаушаны көтер:

Тал, орман, сиыр, терезе, ғарышкер, кітап, жұлдыз, тауық, кебеже, тырна, қырау, түтін, егін, сағат, жеміс, от.

«Д» дыбысын естісең, шапалақ соқ:

Бұзау, көгершін, дала, шелек, домбыра, жапырақ, қарға, доп, аққу, дуадақ, сандық, дауыл, көбелек, дойбы, есік, орындық.

Мақсаты: Фонематикалық естуін және сөз басындағы дыбысқа анализ жасауын қалыптастыру.

Сипаттамасы: Бала аталған дыбыс кездесетін сөзді естіген кезде жалаушаны көтеріп немесе шапалақтау арқылы табуы қажет.

№ 2 ойын: «Буын ұйқасын қайтала»

Та – та – та – сары екен жота

Ты – ты – ты – атам менің мықты.

Ту – ту – ту – ағайынды тату.

Да – да – да – ойын екен дода.

Ду – ду – ду – ысқырамын – ду – ду.

Дық – дық – кішкене қодық.

Дір – дір – дір – су қандай мөлдір.

Мақсаты: Фонематикалық естуін және дыбысты буында дұрыс айтуын қалыптастыру.

Сипаттамасы: Буын ұйқасын логопедпен бірге қайталап айту.

VI. Логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырма:

№ 1 ойын: «Есіңе сақта»



Мақсаты: Көріп есте сақтауын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтар: Сюжеттік суреттер .

Сипаттамасы: Балаға сюжеттік суреттер беріледі және балаға суретке байланысты сұрақтар қойылады.

- Суретте қандай жыл мезгілі бейнеленген?
- Дәрігер түлкіге қандай көмек көрсетіп жатыр?

VIII. Сабақ қорытындысы:

Белсенді оқушыларды карточка арқылы бағалау, мадақтау.